



«БЕКІТЕМІН»
«Дарын» РFPO директоры
Ф. ТҮРСЫНОВ

2024 жылды «19» наурыз

Шығармашыл оқушылар арасындағы «Ақберен» республикалық өнер байқауының ережесі

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже шығармашыл оқушылар арасындағы «Ақберен» республикалық өнер байқауының (бұдан әрі – Байқау) мақсаты мен міндеттерін, үйымдастырушылық - әдістемелік қызметінің қамтамасыздандырылуын, өткізу мен қаржыландыру тәртібін, қатысуын және женімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау тәртібін белгілейді.

2. Байқаудың үйымдастырушысы – «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – «Дарын» РFPO) болып табылады.

3. Байқаудың мақсаты мен міндеті: 8-11(12) сыныптың шығармашыл оқушыларының гуманитарлық-эстетикалық ғылымдар саласында кәсіптік қызметін тандауда шығармашылық қабілеттін, өлең жазуын, тапқырлық қырын, дарының танытуға қолдау көрсетіп, ары қарай дамыуына жол ашу.

II. Қатысушылар

1. Байқауға республикадағы жалпы білім беретін мектептердің 8-11(12) сыныптағы шығармашыл оқушылары – 6 номинация бойынша қатысып, облыстық кезеңде женімпаз атанған 6 оқушы (әр номинацияға – 1 оқушы) бір жауапты жетекшімен қатысады.

2. Команда жетекшілеріне байқау өткізілетін жерге дейін бару (кері қайту) жолында және өткізілетін уақытта қатысушылардың өмірі мен қауіпсіздігіне тікелей жауапкершілік жүктеледі.

Ескерту: Егер оқушы байқауга екінші жыл қатысқан жағдайда алдыңғы жылдағы орындаған тапсырмаларын орындаамайды (өлең, ән, күй, шығарма,).

III. Үйымдастыру және өткізу тәртібі

1. Байқау үш кезеңде өтеді:

I кезең – аудандық (қалалық), білім бөлімдері өткізеді;

II кезең – облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, РББҰ, «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ өткізеді.

III кезең – республикалық, қорытынды – «Дарын» РFPO өткізеді.

2. Байқау 6 номинация бойынша:

1) Шешендік, білгірлік сайысы;

2) Көркемсөз оқу;

3) Эссе жазу;

4) Үлттық аспапта өнер көрсету;

5) Ақындар айтисы;

6) Ақындар мүшәйрасы.

3. Байқаудың өткізу барысын қадағалау және ұйымдастыру жұмысының дайындығын іске асыру үшін республикалық ұйымдастыру комитеті құрылады.

4. Ұйымдастыру комитеті Байқаудың қорытынды кезеңінің өткізілу орнын белгілеп, дайындық жұмыстарын жүргізуге тікелей басшылық етеді. Қазылар алқасының құрамын, байқаудың өткізу бағдарламасын, қатысушылардың тізімін бекітіп, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайтын.

5. Қазылар алқасының құрамына жоғарғы оқу орындарының ғалымдары, білім беру ұйымдарының мамандары, қаламгерлер кіреді.

6. Қазылар алқасы қатысушылардың өнерін, шеберлігін, тапқырлығын бағалайды. Байқау тапсырмаларын әзірлейді, байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлерін сараптап, ұйымдастыру комитетіне тізімін ұсынады.

7. Қазылар алқасының құрамы 12 адамнан тұрады.

8. Ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасы Байқауды жыл сайын жетілдіріп, өзгеріс ұсыныстар енгізуге құқылы.

9. Облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, РББҰ, «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ өздерінің іріктеу нәтижесінде ережеде көрсетілген әр номинация бойынша команда жасақтауы тиіс.

10. Номинациялар бойынша сайыстарды өткізу тәртібі:

1) Шешендік, білгілік сайысы номинациясы бойынша екі команда өкілі қазылар алқасы тарапынан қойылған сұрақтарға жауап береді (әр қатысушыға 3 сұрақтан беріледі). Сондай-ақ, қазылар тарапынан берілген тақырыпқа ой толғайды (сұраққа жауап беруді қосқанда әр қатысушыға барлығы – 5-7 минут). Сұрақтар ішінде мақал-мәтелдер, жұмбақтар да болады. Жұмбақты шешу, мақал-мәтелдерді білу - білгілікке қойылар талаптың бірі.

2) Көркемсөз оқу номинациясы бойынша Байқауға қатысушы өзі тандаған шығармадан үзінді оқиды (5-7 минут). Үзінділер белгілі жазушылардың, ақындардың, драматургтердің, яғни, көрнекті әдебиет классиктерінің шығармаларынан алынуы міндетті. Бір шығарманың екінші рет қайталанбауы ескерілуі керек. Сондықтан, қатысушы кем дегенде үш шығармадан үзіндіге дайындалады. Өзінен бұрын оқылған шығарма болса, онда өзі дайындаған басқа шығарманы оқиды.

3) Эссе жазу номинациясы бойынша қазылар алқасы тарапынан ұсынылған тақырыпқа эссе жазу (90 минут).

4) Ұлттық аспапта өнер көрсете номинациясы бойынша өзі дайындаған бір шығарманы (ән, күй) ұлттық аспапта орындалады. Бір орындалған өнер туындысының екінші рет қайталанбауы ескерілуі керек. Сондықтан, қатысушы кем дегенде үш (ән, күй) өнер туындысына дайын келуі тиіс. Өзінен бұрын орындалған ән - күйді қайталамай, өзі дайындалап келген басқа ән-күйді орындауы керек.

5) Ақындар айтысы номинациясы бойынша окушының ақындықта бейімділігі, тапқырлығы, сөз көркемдігі, тақырыпты аша білуі, орындаушылық шеберлігі, сұрырып салмалық (импровизаторлық) қабілеті басты назарға алынады.

6) Ақындар мүшәйрасы номинациясы бойынша әр қатысушы өз шығармашылығынан 3 (үш) өлеңді қазылар алқасына ұсынады. 1 (бір) өлеңді жатқа оқып береді.

Ескерту: Өлеңнің көркемдігі, оқушының ақындық қабілеті ескеріледі. Кітапша түрінде, жинақ түрінде керек емес.

IV. Бағалау критерийлері

1. Байқаудың қатысушыларын бағалау қазылар алқасы мүшелері тарапынан жүргізіледі. Жүлдегерлер қазылар алқасының шешімімен анықталады.

2. Жалпы бағалау 10 (он) ұпайлық жүйемен есептеледі. Ерекше өнер көрсеткен қатысушылар марапатталады. Сонынан командалық есеп шығарылып, орындар анықталады.

3. Шешендік, білгірлік сайысы номинациясы бойынша оқушының шешендік сөздердің тарихын, би-шешендердің мұрасын, мақал-мәтелдер мен жұмбақтарды жетік білуі, қойылған сұрақтарға дәл әрі нақты жауап беруі, дұрыс, қисынды, орынды сөйлеуі бағаланады. Қазылар тарапынан ұсынылған тақырыпқа шешендік ой толғауда шешендігі, бұрынғы шешендік дәстүрді тұтынуы назарға алынады. Шешендік сайыс бойынша ұсынылатын тақырыптар жыл сайын өзгеріліп (2-ші қосымшада) берілетін болады.

4. Көркем сөз оқу номинациясы бойынша берілген шығарманы оқу мәнері бағаланады. Белгілі ақын-жазушылардың шығармаларын оқу талап етіледі. Ұлы Абайдың өлеңдері мен қарасөздері және Абай туралы көрнекті қаламгерлер шығармаларын қамту ескеріледі. Сондай-ақ, Республика, ЮНЕСКО көлемінде мерейтойлары тойлану үстіндегі қаламгерлер шығармашылығы да қамтылуы керек (А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, С. Шаймерденов). Бір шығарма екінші рет қайталап оқылмауы шарт. Ол үшін, осы номинация бойынша сайысқа түсетін оқушы екі-үш қаламгер шығармашылығынан дайындалып келуі керек.

5. Эссе жазу номинациясы бойынша тақырыпты ашу терендігі, мазмұны, сауаттылығы, әдеби мәліметтерді орнымен пайдалануы бағаланады.

6. Ұлттық аспапта ойнау номинациясы бойынша өнері мен орындау шеберлігі бағаланады. Әр қатысушы өзінен бұрын орындалған шығарманы қайталамауы шарт. Ол үшін осы номинация бойынша сайысқа түсетін оқушы екі-үш өнер туындысын дайындалап келуі керек.

7. Ақындар айтысы номинациясы бойынша суырыпсалмалық өнері, ой толғауы, жауап қайтаруы, тапқырлығы бағаланады.

8. Ақындар мүшәйрасы номинациясы бойынша өлеңнің көркемдігі, тілі, мазмұны, поэтикалық ерекшелігі, қатысушының ақындық қабілеті мен талабы бағаланады.

9. Байқаудың қорытынды кезеңіне тіркелу және қатысуы жөнінде облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалалары білім басқармалары, РББҰ, ДББҰ «Назарбаев зияткерлік мектептері» өтініш хатты 1-ші қосымшада көрсетілген (1,2) форма бойынша толтырып, сұранысты ұйымдастыру комитетіне Байқаудың өткізілуіне 15 күн қалғанға дейін жіберу қажет.

Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы: Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8/2, «Алтын Орда» бизнес орталығы, 308 каб., тел: +7(7172) 795873, индекс: Z05K5K8, e-mail: info@daryn.kz

V. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау

1. Үшінші (республикалық) кезеңнің Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің I, II, III дәрежелі дипломдарымен(астында дайындаған ұстазының аты-жөні жазылған), номинациялар бойынша дипломдарымен, сондай-ақ, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының грамоталарымен марапатталады.

2. Барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.

VI. Қаржыландыру

1. Олимпиада қатысушыларының жатын орны мен тамақтануы «Дарын» РРПО-ның есебінен, жол шығыны жіберуші тараптан төленеді. Жетекшілердің іссапар шығыны (жол шығыны, жатын орны мен тамақтануы) жіберуші жақтың есебінен төленеді.

2. Байқаудың қаржы шығындары бекітілген сметаға сәйкес жүзеге асырылады.

*Форма 1***Сұраныс**

№	Оқушының аты-жөні	Номинациясы	Облысы	Мектебі сыныбы	Жеңімпаз бен жүлдегер дайындаған мұғалімнің аты-жөні	Жетекшінің аты-жөні (толық), байланыс телефоны

*Форма 2***Хаттама****Откізілген орны:****Откізілу мерзімі**

«_____» _____

Қазылар алқасының тәрағасы

Қазылар алқасының мүшелері

№	Катысушының аты-жөні	Мектебі	Сыныбы	I кезең	II кезең	Ұпай саны	Жүлделі орны

Қазылар алқасының ескертулері:

Қазылар алқасының тәрағасы:

Қазылар алқасының мүшелері:

*Ескерту: Қазылар алқасының қолдары қойылып, аты-жөні, атақтары толық жазылуы керек.**Жетекшилер қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімдері болуы тиіс*

Шешендік номинациясы бойынша ұсынылатын тақырыптар:**1. тақырыптар**

1. Қазақ халқы тарихындағы шешендіктің орны.
2. Аңыздар мен ертегілердегі шешендік үлгілері
3. Қазақ билерінің ел мен жер дауын шешуі (әр бидің дауды шешуі жекелей сұралады)
4. Сырым Датұлының шешендігі
5. Төле бидің даналығы, шешендігі
6. Қазыбек бидің шешендік мұрасы
7. Әйтеке бидің шешендік мұрасы
8. Досбол шешенниң сөздері
9. Майқы бидің мұрасы
10. Бекболат бидің шешендік мұрасы
11. Жиренше шешенниң сөздері
12. Абайдың шешендігі
13. Ақындар айтысында шешендік сөздердің қолданылуы
14. Жанқұтты шешенниң сөздері
15. Бөлтірік бидің шешендігі
16. Тайкелтір шешенниң сөздері
17. Ақтайлақ бидің шешендігі
18. Мөңке бидің шешендігі
19. Саққұлақ шешенниң сөздері
20. Шешендікке, сөзге қатысты мақал-мәтелдер мен нақыл сөздердің түсіндіру
21. Шешендік сөздің ердің ерекшеліктері
22. Шешендік даудың түрлері
23. Шешендік толғау түрлері
24. Шешендіктің айтыс өнерімен байланысы
25. Ұлбике ақынның айтыстағы тапқырлығы мен шешендігі

2. Тапсырмалар: Берілген сөздерді қатыстырып мақал-мәтелдер айтып беріңіз.

1. жол, қол, сөз
2. Сақа, аға
3. Құрық, сырыйқ
4. Аяқ, таяқ
5. жақсы, жаман
6. құрт, жұт
7. мал, жан, ар
8. Көйлек, көңіл
9. Жен, жаға
10. Ел, ер
11. Аға, іні
12. Ас, арқау

13. Жеті
14. Батыр, шешен
15. Ақсақ қой
16. Қаз, қарға
17. Қамыс, намыс
18. Ер, нар

Ескерту: *Ереженің 2 - қосымша даңы* 2 тапсырма республикалық кезеңде ұқсас сөздері бар тапсырмаларға өзгереді.

13. Жеті
14. Батыр, шешен
15. Ақсақ қой
16. Қаз, қарға
17. Қамыс, намыс
18. Ер, нар

Ескерту: Ереженің 2 - қосымшасындағы 2 тапсырма республикалық кезеңде ұқсас сөздері бар тапсырмаларға өзгереді.